

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 332 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қазанда N 2957 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы N 309 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.08.2015 N 309 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі*

Е. Сұлтанов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 332
қаулысымен бекітілген

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдармен бірлесіп, жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштер қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – мынадай тәсілдердің бірімен (сырғалау, таңба басу, чип салу) жануарларға жеке нөмір беру және ветеринариялық паспорт тапсыру болып табылады.

4. Мемлекеттік қызмет (сырғалау) тегін көрсетіледі. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағы б) тармақшасына сәйкес чиптердің құнын қайтару ақылы түрде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурстың нәтижелері бойынша айқындалған чиптердің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы

5. Келесі құжаттардың ұсынылуы мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімнің (іс-қимылдың) басталуына негіз болып табылады:

- 1) ауыл шаруашылығы жануарларын бастапқы бірдейлендіру үшін осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі - өтініш); чиптер үшін ақы төленгені туралы түбіртек;
- 2) ірі қара малдағы сырғалар жоғалған/бүлінген кезде телнұсқасын алу үшін: сырғаның телнұсқасын алуға өтініш; чиптер үшін ақы төленгені туралы түбіртек; жануар паспортының көшірмесі.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бастапқы бірдейлендіру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері алынған құжаттарды қабылдайды және тіркейді – 15 минуттан аспайды;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысып, бұрыштама қояды – 30 (отыз) минут ішінде;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттарды қарайды. Ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда мынадай тәсілдердің бірімен (сырғалау, таңба басу, чип салу) жануарларға жеке нөмір береді және ветеринариялық паспорт ұсынады. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары бекіткен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

7. Сырға (сырғалар) жоғалған, бүлінген (жеке нөмірін айқындау мүмкін емес)

кезде көрсетілетін қызметті берушіге сырғалар келіп түскен күннен бастап жануарларға жаңа жеке нөмір бере отырып, қайталама мемлекеттік қызмет көрсету (телнұсқаны алу).

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері алынған құжаттарды қабылдайды және тіркейді – 15 минуттан аспайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысып, бұрыштама қояды – 30 (отыз) минут ішінде;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған құжаттарды қарайды. Ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда мынадай тәсілдердің бірімен (сырғалау, таңба басу, чип салу) жануарларға жеке нөмір береді және ветеринариялық паспорт ұсынады – 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

8. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтініш пен ұсынылған құжаттарды тіркеу, көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесіне белгі қою (көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері);

2) бұрыштама қою (көрсетілетін қызметті берушінің басшысы);

3) ұсынылған құжаттарды қарау (көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы), жануарға жаңа жеке нөмір беру.

9. Мемлекеттік қызмет (сырғалау) тегін көрсетіледі. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағы б) тармақшасына сәйкес чиптердің құнын қайтару ақылы түрде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурстың нәтижелері бойынша айқындалған чиптердің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

11. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бастапқы бірдейлендіру:

1) алынған құжаттарды қабылдау және тіркеу, өтініштің көшірмесіне құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі қою (кеңсе қызметкері) – 15 минуттан аспайды;

2) құжаттармен танысып, бұрыштама қою (басшы) – 30 (отыз) минут ішінде;

3) ұсынылған құжаттарды қарау (жауапты орындаушы). Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органдары бекіткен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

12. Сырға (сырғалар) жоғалған, бүлінген (жеке нөмірін айқындау мүмкін емес) кезде көрсетілетін қызметті берушіге сырғалар келіп түскен күннен бастап жануарларға жаңа жеке нөмір бере отырып, мемлекеттік қызметті қайта көрсету (телнұсқаны алу):

1) алынған құжаттарды қабылдау және тіркеу, өтініштің көшірмесіне құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі қою (кеңсе қызметкері) – 15 минуттан аспайды;

2) құжаттармен танысып, бұрыштама қою (басшы) – 30 (отыз) минут ішінде;

3) ұсынылған құжаттарды қарау (жауапты орындаушы). Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу сәтіне дейін – 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

13. Рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы Регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі бизнес-процестердің анықтамалығында көрсетіледі.

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Жергілікті атқарушы органдар құрған "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік қызметін көрсететін Солтүстік Қазақстан облысының, аудандардың, Петропавл қаласының жергілікті атқарушы органдарының және мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың мекенжайлары

Уәкілетті атауы	органдардың	З а н д ы мекенжайы	Байланыс телефоны
		Петропавл қаласы,	8 (7152) 46-36-35

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.	(кеңсе) факс: 8 (7152) 46-36-35
Петропавл қаласының әкімдігі	Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 23.	8 -7152-46-92-31, 46-23-93
А й ы р т а у әкімдігі	а у д а н ы н ы ң Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 44.	8 (71533) 2-11-02, 2-16-66, факс: 2-11-02, 2-16-66 airtay-akimat@sko.kz
А қ ж а р әкімдігі	а у д а н ы н ы ң Ақжар ауданы, Талшық ауылы, Целинный көшесі, 15.	8 (71546) 2-14-41, 2-12-67, факс: 2-11-24,2-17-98 akzhar-akimat@sko.kz
А қ қ а й ы ң әкімдігі	а у д а н ы н ы ң Аққайың ауданы, Смирнов ауылы, Народная көшесі, 50.	8 (71532) 2-12-64, факс: 2-12-77,2-11-75 akkain-akimat@sko.kz
Е с і л әкімдігі	а у д а н ы н ы ң Есіл ауданы, Явленка ауылы, Ленин көшесі, 20.	8 (71543) 2-15-01, 2-11-67, факс: 2-15-01, 2-11-65 esil-akimat@sko.kz
Ж а м б ы л әкімдігі	а у д а н ы н ы ң Жамбыл ауданы, Преснов ауылы, Дружба көшесі, 10.	8 (71544) 2-12-32, 2-12-06, факс: 2-12-33, 2-15-62 zhambil-akimat@sko.kz
Мағжан Жұмабаев әкімдігі	а у д а н ы н ы ң Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56.	8 (71531) 2-15-57, 2-00-10, факс: 2-01-26, 2-13-88 mzhumabaeva-akimat@sko.kz
Қ ы з ы л ж а р әкімдігі	а у д а н ы н ы ң Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Гагарин көшесі, 11.	8 (71538) 2-12-01, 2-11-70, факс: 2-12-01, 2-29-06 kyzylzhar-akimat@sko.kz
	Мамлют ауданы, Мамлют қаласы,	8 (71541) 2-15-90,

М а м л ю т әкімдігі	а у д а н ы н ы ң	Сәбит Мұқанов көшесі, 12. maml-akimat@ sko.kz	2-19-75, факс: 2- 17-88, 2-19-75
Ғабит әкімдігі	Мүсірепов атындағы ауданның	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишимский ауылы, Абылай хан көшесі, 28. gmusrepova-akimat @sko.kz	8 (71535) 2-13-07, 2-16-36, факс: 2- 11-48, 2-13-71
Т а й ы н ш а әкімдігі	а у д а н ы н ы ң	Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 197. tainsha-akimat@ sko.kz	8 (71536) 2-16-65, 2-14-70, факс: 2- 16-65, 2-11-54
Т и м и р я з е в әкімдігі	а у д а н ы н ы ң	Тимирязев ауданы, Тимирязев ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 1. timiryazevo-akimat@ sko.kz	8 (71537) 2-00-03, 2-15-33, факс 2-00 -03, 2-14-74
У ә л и х а н о в әкімдігі	а у д а н ы н ы ң	Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Уәлиханов көшесі, 8 5 . ualih-akimat@sko.kz	8 (71542) 2-12-44, 2-18-21, факс: 2- 17-84, 2-12-71
Ш а л әкімдігі	а қ ы н а у д а н ы н ы ң	Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы, Победа көшесі, 35. shalakyn-akimat@ sko.kz	8 (71534) 2-12-41, 2-03-84, факс: 2- 12-48, 2-07-16
Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны		Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі, 3 0 2 KGP_vetstanzia@ mail.ru	50-21-45 42-51-65
Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны		Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Ақан сері к-сі, 119 airtauvetst@mail.ru	8 (715-33) 2-19-68
Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны		Ақжар ауданы, Талшық ауылы, Ғазиз Құсайынов көшесі, 18 akzharvet@mail.ru	8 (715-46) 2-20-93 7-90-46 7-91-17
Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігі "Аққайың аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "		Аққайың ауданы, Смирнов ауылы,	8 (715-32

Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Народная көшесі, 37) vstanciya@mail.ru	2-29-95
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Есіл ауданы, Явленка ауылы, Тимофеев көшесі, 3 2 esil_vet58@mail.ru	8 (715-43)) 7-90-48 7-90-52
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Жамбыл ауданы, Преснов ауылы, Водопроводный көшесі, 26 zhambyl.vet@bk.ru	8 (715-44)) 2-26-24 7-90-05
Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Комаров көшесі, 8-1 g-smagulova@bk.ru	8 (715-31)) 2-04-14
Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігі "Қызылжар аудандық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Комаров көшесі, 2 kizilzharvet@mail.ru	8 (715-38)) 7-90-77 2-19-36 2-19-13 2-19-71
Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Мамлют ауданы, Мамлют қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 27 rahimova.karlygash@mail.ru	8 (715-41)) 2-00-21 7-90-23
Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишимский ауылы, Степная көшесі, 5/a dishmyak@mail.ru	8 (715-35)) 2-18-90 2-27-73 2-25-44
Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Күншығыс көшесі, 1 0 0 urazbaeva.89@ mail.ru	8 (715-36)) 2-37-88
Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Тимирязев ауданы, Тимирязев ауылы, Молодежная көшесі , 3 1 vet.stancia.shal@ mail.ru	8 (715-37)) 2-03-99
Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл ауылы, Сабыр Мәліков көшесі, 124 ualvet@mail.ru	8 (715-42)) 2-00-61 2-27-59

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімдігі "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ветеринариялық станция" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Шал ақын ауданы, Сергеевка қаласы, Крымская көшесі, 2/ а	8 (715-34 2-12-86
---	----------------------

vet.stancia.shal@
mail.ru

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш

Кімге _____

(көрсетілетін қызметті берушінің атауы)

кімнен _____

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/заңды тұлғаның атауы)

мекенжайы _____

— Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді/сырғаның, чиптің, болюстің телнұсқасын беруді (қажеттінің астын сызу) сұраймын: бірдейлендіру тәсілі (сырғалау, таңба басу, чип салу) (қажеттінің астын сызу)

;

жануар түрі _____;

жануарлар саны _____;

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

сырғалар, чиптер, болюстер үшін (қажеттінің астын сызу) ақы төленгені туралы түбіртек;

ауыл шаруашылығы жануары паспортының көшірмесі.

Байланыс телефондары _____ E-mail _____

—

20__ жылғы _____

(өтініш берушінің қолы)

Қосымша: _____ парақ 1 данада _____

Құжаттар 20__ жылғы _____ қабылданды

_____ (құжаттарды қабылдаған адамның

қолы)

Өтініш берушінің тіркеу № _____

"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу" мемлекеттік қызметін көрсету бизнес-процестерінің анықтамалығы

